



№45 (9828)

7 маусым,
сейсенбі
2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жаңалаған Жаршылы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына жасаған үндеуі

Құрметті отандастар!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекетіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертуді, Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.



маларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтуіміз керек.

Алдымызда экономиканы шынайы өртарпақтандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты кәсіпкерлік жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық эконимді қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады. Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек.

Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер

емес. Бұл – туған халқыңның алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибеге ескере отырып жүзеге асырған жөн.

Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тәжәйітін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және күмән туғызатын нормалардың бәрі күшін жоюға тиіс.

Еліміздің экономикалық ресурстарын шарғын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет.

Елден жылыстатылған қаржыны және заңсыз жекеменшіктелген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым. Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету

тетігін енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды институт қызметінің пайдасын сезіне алады. Жаңа, Әділетті Қазақстанда полициялердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын.

Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-аброй үшін қолға алынған жоқ. Мұның бәрін Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Кенесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқалы жыныда шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қоғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша, азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, еліміздің тағдыры – әрқайсымыздың қолымызда.

Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсіміңіз жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз ешқайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрінен маңызды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын.

Референдум қорытындысы біздің мемлекетіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықыласын бағыттайды.

Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмылсақ, кездеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын!

Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!

ШҚІР

Иә, мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жексенбідегі саяси науқанда мен осындай ой түйдім. Елдің жалпыхалықтық референдумдағы белсенділігінен олардың үлкен өзгерісті қалайтынын айқын аңғара қоясың.

Жарқын болашақ жолында ауызбіршілік таныттық

Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Мұны бұл саяси науқанға қатысты қорытынды Үндеуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтті. Расында референдум жоғары деңгейде өтті. Оған бір ғана Жалағаш ауданындағы саяси науқандағы халықтық белсенділігіне қарап көз жеткізуге болады.

Негізінен жалпыхалықтық референдумның жоғары деңгейде өтетін халықаралық және отандық байқаушылар да мойындап отыр. Бұлай өтетіндей реті бар. Себебі бұған дейін Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру расында Президент айтқандай, демократия талаптарына сай өтті. Қазақстандықтар бұл науқанда жауапкершілік танытты. Біз шынында әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем ел екенімізді көрсеттік.

Енді Президент Конституциялық түзетулер мемлекетіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертетінін айтып отыр. Егер бұл іс жүзінде жүзеге асса, сөз жоқ, онда ол тұтас қоғамның дамуына тың серпін бергелі тұр.

Әзім бұл референдумнан үлкен үміт күтемін. Мен де отандастарым секілді үлкен өзгерістің болғанын қалаймын. Кешегі жалпыхалықтық референдумды «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасын жүзеге асыру жолындағы алғашқы қадам деп білемін.

Қасымқожа ЖҮБАТЫРОВ,
аудан ардагері

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Биылғы жылдың басы жайсыз басталғанымен тез ес жиып, көптеген өзгерістерге бастайтын ұлы істерді қолға алдық. Талайдың жанын қиып, көп отбасын қаба жамылдырған «қаңтар оқиғасы» бізге сабақ беріп көтті. Бірақ Президентіміз сол сәтте қалай бізбен бірге болса, әлі күнге дейін ел болашағы үшін ауқымды жұмыстарды атқаруда. Ол кісінің саясатына, қолға алған әрбір ісіне ел болып қолдау білдірсек, әрбір бастамасына сеніммен қарасақ, бәріміз үшін де қолайлы, жаңарған, жаңа Қазақстанның салтанат құруына атсалысқан болар едік.



Жалпы біздің елде мәселе жоқ емес, баршылық. Қоғамда да екіұшты пікірлер қалыптасып қалған. Көп адам елдің болашағынан үміт үзе бастағаны да жасырын емес. Кешегі «қаңтар оқиғасы» сол адамдардың көкірегіңдегі селкеу түскен сенімдерін одан әрі үдетіп жіберді. Сондықтан да ел ішінде алауыздыққа жол берілді. Ал кешегі өткен науқан, яғни жалпыхалықтық референдум көптеген заңның кемшін тұстарын түзетіп, жүйені өзгертетін болады. Енді Мемлекет алдын ала сараланып, бағыты айқындалған бұл реформадан соң суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып, президенттік республика моделіне өту, биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу, Парламенттің рөлі мен мәртебесінің өзгеруі, халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту, азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту мәселелерін қолға алатын болады.

Бұл саяси науқаннан кейін елде үлкен өзгерістердің болатынына және оның мемлекет болашағын жарқын етеріне сенемін. Сайып келгенде мұның бәрі жаңа Қазақстанды құру жолындағы алғашқы баспалдақтар екені мәлім.

Президент те халыққа Үндеудің конституциялық реформа жасау қажеттігін айтқан болатын. Бұл шын мәнінде ел тағдыры үшін аса маңызды еді. Бұйырса, кешегі науқаннан кейін Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Яғни Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Міне, кешегі референдумның маңызы осында. Мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асуы тиіс және солай болып та жатыр. Бұл жалпыхалықтық референдумның мемлекет болашағы үшін ерекше маңызға ие екенін бәріміз түсінуіміз керек.

Жақсылық ӨЗДЕНБАЕВ,
облыстық мәслихат депутаты

РЕФЕРЕНДУМ – 2022



ӨЗГЕРІС ҮӘМ ӨРКЕНИЕТКЕ НЫҚ ҚАДАМ

Өткен жексенбі қазақстандықтар үшін өте маңызды күн болды. Дәл осы күні көптен бері айтылып, талданып, сараланып, тек халықтың қолдауын күткен Конституциялық референдум өтті. Ел болашағына бейжай қарамайтын, кез келген өзгерісті, жаңа бастаманы оң көзқараспен қабылдай білетін отандастарымыз науқанда белсенділік танытты. Жер-жерде өткен саяси науқан барысында сайлау құқығына ие, жасы жеткен әрбір азамат үшін таңдау мүмкіндігі болды. Ең бастысы науқан нәтижесімен қазақстандықтардың басым көпшілігі «иә» деп дауыс берген. Қуантарлығы сол, қашаннан татулықты бірінші орынға қоятын текті халық тағы да бірліктің үлгісін көрсете білді.

4 маусымда Мемлекеттік рәміздеріміздің 30 жылдығы аясындағы айтулы шаралар салтанат күрсе, 5 маусымда жалпыхалықтық референдумға күйе болдық. Жоғарыда атап өткеніміздей, әр өңірдегі сайлау учаскелерінің жұмысы таң азанымен басталып, кешке дейін қарбалас күйде болды. Ең жас сайлаушыдан бастап, қарт сайлаушыға дейін маңызды шешімді қолдауға атсалысты. Отандастар бір жағынан қоғамның бір мүшесі ретінде өз таңдауын жасады, саяси жүйенің өзгеріс алдындағы, жаңа Қазақстанды құру жолындағы алғашқы қадамды жасады.

Аудандағы әр учаскенің жұмыс барысын бағамдап көрген біздер кенттен бөлек ауылдық елді мекендердегі ағайынның да ел болашағына бейжай қарамайтынын түсіндік. Өйткені ауданға қарасты ауылдарда да өртенмен сайлау учаскесіне келген халық көп болды. Тіпті шалғайда орналасқан аядай ғана Жаңадариядағы 300-ден аса сайлаушының 150-ге жуығы алғашқы 2-3 сағатта дауыс беріп үлгеріпті. Ал ең қарт сайлаушы, ауыл тұрғыны, ардагер ұстаз Жақсылық Турғанов осы референдумнан кейін елде жағымды жаңалықтар мен жаңаша бетбұрыстар орын алатынына сенеді. Қазыналы қариямен

бірауыз тілдескенімізде «Ел Президенті жасағалы отырған жаңа Қазақстанды құруда әрбіріміздің атсалысуымыз маңызды екенін түсіндік. Мен де бүгін дауысымды бердім. Елдің болашағы үшін жасалатын әр игі істе қолдаушымын» деді. Ал есетбатырлық сайлаушылардың жалпы саяси науқандағы белсенділігі, табандылығын бұған дейін де байқайтынбыз. Мәселен, былтыр өткен ауылдық округ өкімі сайлауында да халық белсенділік танытқан. Ал тұтас бір мемлекеттің болашағына қатысты жалпыхалықтық референдумда табандылық танытуы таңғаларлық жағдай емес.

Мемлекеттік рәміздер – басты құндылығымыз

Егемен ел болғанымыздан бері де 30 жылдан аса уақыт өтті. Бұл шексіз байлықтың қазаққа оңай келмегеніне тарих куә. Қазақ бұған дейін небір нәубетті жылдарды еңсерді. Кешегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тоқырау кезең де бұғанасы әлі қата қоймаған Қазақстанға оңай тиген жоқ. Ал бұл бақ сол қиыншылықтарды еңсеруде қазақ бойынан табылған төзімділік пен шыдамдылық, ерлік пен ерліктің өтеуі болса керек. Менің «Тәуелсіздік бізге қалай келді?» деген сауалға жауабым осы.



«Атамекен» өнінің қайырмасы. Бір шумақ өлеңнің үлкен мағынасын толыққанды түсіндіру үшін белгілі ғалым ағамыздан естіген естелігіме сәл тоқталсақ, артық болмас. Ол кісінің Ираннан көшіп келіп, Қазақстан азаматын алғанына бірнеше жыл болыпты. Ағамыз шетелде тұрған шағында атамекенін қатты сағынады екен. Сонда «Каспий» теңізімен елге келіп, теңіздің Қазақстан жақ жағасынан бір ұс болшық алып кетеді екен. Соны орамалға түйіп, күнде жатарда көз іскеп ұйқыға кететін көрнеді. Міне, қайда жүрсек те атамекеннің құны қашанда өлшеусіз және ол мәңгі көкейінде тұратынын осыдан-ақ ұғуға болады. Сонда ағамыздың «Әнұран шырқалғанда жәй аузын жыбырлатып тұратын бауырларыма қынжыламын, кейде жай ғана сол жақ тұсына қолын қойып, үнсіз тұрған жастарды көргенде кімге ренжітіндім де білмеймін. Ал байрағын биікте желбіретіп, әнұранын бақытқа көнеліп шырқауды арман қылып жүрген қаншама елдер бар ғой» деген жадымда сақталған тағы бір ауыз сөзі бар еді. Неге екенін білмеймін, өткен сәндіде ауданда өткен Мемлекеттік рәміздер күніне арналған шарада осы ойларға бойлай бердім. Шара өте жоғары деңгейде өтті. Қазақстанның әнұранымен шымылдығын түрген шарада барша жалағаштық дауыстап Мемлекеттік

Гимнді шырқады. Иә, биыл тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл Мемлекеттік рәміздерде көрініс тапқан әрбір бейнеге һәм нақышқа көз жүгіртсек, қазақ деген текті халықтың болмыс-бітімін байқаймыз. Тарихқа сәл шегініс жасасақ, Қазақстан 1992 жылы 2 маусымда Республика Жоғарғы Кеңесі қазақ халқының егемен мемлекет болған жаңа рәміздерін бекітті. Дәл осы жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Мемлекеттік Елтаңбасы туралы», «Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» заңдарға қол қойылды. Шарада аудан басшысы Асқарбек Есжанов Мемлекеттік рәміздердің мән-маңызына тоқталды. – Баршаныңды Мемлекеттік рәміздеріміздің 30 жылдық мерекесімен құттықтаймын. 30 жыл желбіреген туымыздың астында Қазақстан халқы егемен елдетату-тәтті өмір сүріп жатыр. Мемлекеттік Рәміздерімізді құрметтеу, халық жүрегінің түпкіні керемет музыкалық туынды Әнұран-Гимнді білу, жан-жүрегімізбен шырқау – бала-бақшадағы бүлдіршіндерден бастап барлығымыздың басты міндетіміз. Ел тәуелсіздігі мен Мемлекеттік рәміздер – егіз ұғым. Рәміздер – саяси тәуелсіздік пен егемендіктің бірегей белгілері. Мемлекеттік рәміздер –

мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекетті мемлекеттік саяси рәміздерінің елестету мүмкін емес. Сондықтан бүгінгі мерекенің орны ерекше, мәртебесі де биік. Себебі бұл тек мерекелі күнді атап өтумен ғана шектелмейді, бұл мереке бізге үлкен міндеттер жүктейді. Ол міндет – кейінгі жастарымызды, жеткіншектерімізді ел үшін еңбек етуге, Отанды сүюге тәрбиелеу. Мемлекеттік құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыру. Сіздерді бүгінгі мерекемен тағы да құттықтай отырып, еліміздегі тыныштық пен бейбіт күннің қадірін білмейсіз дегім келеді. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көгімізде қыран самғап, көк Туымыз асқақтай берсін, – деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов. Дәуімбай елді мекеніндегі Рәміздер аллеясында өткен салтанатты шараға аудан ардагерлері, бөлім, мекеме қызметкерлері, үкіметтік емес ұйым өкілдері, аудан намысын қорғап жүрген спортшылар мен өнерпаздар қатысты. Салтанатты шарада велосипедшілер шеруі де болды. Бұл шеру еліміздің көк байрағын желбіреткен отыз ту ұстаған жігіттердің шеруіне ұласты. Жұмын соны аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына жалғасып, аудан өнерпаздары жылған қауыммен бірге патриоттық әндер шырқады.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Азаттықтың арайлы таңынан бастап елдің санасын сілкінтуге бағытталған батыл бастамалар мен мазмұнды бағдарламалардың байыппен іске асуына руханият өкілдерінің қосқан үлесі өлшеусіз. Өркениетке қадам басқысы келетін әрбір елдің бәсекеге қабілетті білімі, өзгеге үлгі етер тәрбиесі болуы шарт, ал осы екі қасиетті ұстап тұру үшін мәдениетінің жоғары болуы міндетті. Өйткені мықты мәдениет – руханияттың қайнар көзі.

Ұсыныс-пікірлер назарға алынды



Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени-әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге өз кезегінде мерзімді басылымдардың да қосқан зор үлесі бар. Елдің жасампаз істерге толы шежіресін жазу жолында Сыр өңіріндегі, оның ішінде аудандағы газет қаламгерлері үнемі ізденіс үстінде жүрді. Әсіресе аймақтың тыныс-тіршілігін, халықтың әлеуметтік жағдайын, жеткен жетістігі мен еңбек адамын насихаттау журналистер атқарған толассыз істердің қатарында екенін айта кеткен жөн. «Жалағаш жаршысы» газеті – аймақта өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, аудан жұртшылығы сүйсіне оқытын, тамыры тереңнен бастау алатын беделді басылымдардың бірі. Қазіргі таңда «Жалағаш жаршысы» газеті аудан халқының басты газеті, барлық тіршілікті хабарлап отыратын айнасы іспетті.

Бүгінде газет қаламгерлері – өңір тынысын айшықтап, Президент тапсырмасына сай ауданда атқарылып жатқан толымды істерді өз мақалаларына арқау етіп қана қоймай, елдің мұң-мұқтажын да қағаз бетіне түсіріп, билікке жеткізіп жүрген алтын көпір. Сүбелі де сүйекті мақалалары арқылы, сөз маржанын терген өлең жолдарымен де бардың бағын асырып, жоқтың жоғын жоқтай білетін ерекше маман иелерінің руханият әлеміндегі орны бөлек. Ауданға басты болып келгелі көптеген сала қызметкерлерімен келелі кездесулер өткізіп үлгерген аудан әкімі Асқарбек Есжанов қалам иелерімен басқосуды кейінге қалдырғанының себебін «Соңғы түйенің жүгі ауыр» деген бір ауыз сөзімен шегелеп берді. Иә, расымен қалам иелеріне жүктелер жүк ауыр. Ол жүктің ауыр болары хақ. Өйткені төртінші билік өкілдері қашанда елмен бірге, халықтың жетістігін де, кем-кетігін де, жалпы елдегі барлық мәселені көтеріп, тиісті деңгейде қажетті орынға жеткізе алатын да осы қызметте жүргендер екені мәлім. Сол үшін журналистер билік пен халық арасындағы алтын көпірге теңеледі.

Аудан әкімдігінде бас қосқан жергілікті ақын-жазушылар, сала ардагерлері мен бүгінгі «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы аудан басылымының ыстық ықыласын сөзінді. Қаламгерлер қауымы бұл кездесуде емін-еркін елдің жайын, руханият әлемінің озығын да, тозығын да ортаға салды. «Бәріміздің илегеніміз бір терінің пушпағы» демекші, көбінің ойы бір жерден шықты, мақсаттары бір арнада тоғысты. Яғни ауданда қалам иелерінің басын қосатын, жергілікті ақын-жазушылардың жаңа туындыларына қолдау көрсететін руханият орталығының жоқтығы тілге тиек етілді. Бірақ бұл мәселе тек саланың майталмандарын ғана толғандырмапты, аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы да осындай орталықтың бір ауданға қажет екенін назарда ұстайтынын мәлімдеді.

– Ақпарат айдынында өзіндік орны бар «Жалағаш жаршысы» газетінің қашаннан ешкімге ұқсамайтын өз жолы бар. Басылым материалдарының рухани бағыты мен мазмұндық мәні терең, оқырманға ой сала білетіндігімен ерекшеленеді. Ал кешегі газеттің 85 жылдық тарихында елдің көкейіндегісін айтатын, еңбеккерлердің ерен еңбегін жариялаған, осында әр жылдары қызмет атқарған Т.Сарыбаев, А.Сәдібеков, Т.Дайрабаев, И.Шахаров, С.Баймаханов, Т.Төшенов, М.Илиясов, М.Аяпов, Ж.Сарбалаев, Қ.Нұрғалиев, А.Бекарыстанов, Б.Уызбаев, І.Мұстафаев, Б.Шайланов, Ж.Әбжәмилов, А.Тілеулиев, Қ.Нұрханов, Т.Ахметов сынды қарымды қаламгерлер өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бүгінгі қалам иелері сол қаймақтардың ізін жалғаған, алдыңғы буынның аманатын, төл басылымның абыройын арқалап жүрген жандарсыздар, – деген өңір басшысы руханият өкілдерінің еңбегі ешқашан өлшеусіз қалмайтынын айтады.

Кезінде заманның әлі дами қоймаған уақытында ауданның төл басылымында қызмет еткен ардагерлер де қиын кезеңдерді еске алып, тарихтан сыр шертті. Қазіргідей ғылыми технологиялардың жоқтығы былай тұрсын, тіпті газет қызметкерлері айлап айлық-жалақысыз да еңбек еткен. Баспахана жұмысының қиындығына қарамастан барлығын еңсеріп шыққан сол кездегі қызметкерлердің еңбегі кейінгіге үлгі қыларлықтай. Қазір шүкір, редакцияның ахуалы жақсы, жағдай жаман емес. Көштен кеш қалып қойған да жоқ. Газет ұжымы бүгінгі таңда оқырмандарға сапалы әрі жылдам жаңалық жеткізуде аянбай еңбек етіп келеді.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
I курс студенті

ӨЗГЕРІС ҒӘМ ӨРКЕНИЕТКЕ НЫҚ ҚАДАМ

Зерттеуге сәйкес, 70,1 пайыз адам келген. «Демократия институты» жүргізген экзитпол нәтижелері бойынша 79,4 пайыз дауыс берді, қатысушылардың 20,6 пайызы қарсы дауыс беріпті. Дауыс берушілердің 66,3 пайызы келген.

Айта кетейік, бұл жерде біз айтып отырған экзитпол – әлемдік әлеуметтанулық тәжірибеде пайдаланылатын дауыс беруден кейін сайлау учаскелерінен шығу кезінде әлеуметтік қызметтер жүргізетін азаматтарға сауалнама жүргізу рәсімі. Тағы бір айта кететін жайт, жалпыхалықтық референдумға қатысудан Қызылорда облысы екінші орында тұр. Олардың ішінде қолдап дауыс бергендер – 65,3 пайыз. Алматыда бұрынғысына ең төменгі көрсеткіш – 22,6 пайыз. Жалпы республикада 10 013 учаске іске қосылды. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі 11 млн 722 мың 536 адамды құрады. Сонымен қатар Сыртқы істер министрлігі 52 шет мемлекеттегі елшіліктеріміздің жанынан 65 учаскелік референдум комиссиясын құрды. Онда шетелде жүрген Қазақстан азаматтары дауыс берді. Сағат айырмашылығына байланысты еліміздің 5 өңірінде, атап айтқанда, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарындағы 1 858 сайлау учаскесінде дауыс беру астана уақытымен сағат 21:00-де аяқталды. Түнгі сағат 22:00-де Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман референдумның алдын ала нәтижесін жариялады.

«Орталық референдум комиссиясы астана уақытымен сағат 22:00-де еліміздің барлық өңірінде және 25 шетелдік учаскеде дауыс беру аяқталғанын хабарлайды. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанындағы 40 учаскеде дауыс беру әлі де жалғасып жатыр. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық комиссиялары ұсынған алдын ала деректері бойынша азаматтардың референдумға қатысу статистикасы мынадай болды: Ақмола облысы – 73,81, Ақтөбе облысы – 58,06, Алматы облысы – 72,83, Атырау облысы – 67,68, Батыс Қазақстан облысы – 69,37, Жамбыл облысы – 69,59, Қарағанды облысы – 77,39, Қостанай облысы – 72,28, Қызылорда облысы – 79,89, Маңғыстау облысы – 61,19, Павлодар облысы – 75,53, Солтүстік Қазақстан облысы –



75,49, Түркістан облысы – 80,66, Шығыс Қазақстан облысы – 77,49, Нұр-Сұлтан қаласы – 57,06, Алматы қаласы – 33,30, Шымкент қаласы – 72,53 пайыз» деген Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман елімізде Ата Заңға енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларға қатысты өткізілген республикалық референдумда 8 030 739 азамат бюллетень алғанын айтады. Еске сала кетейік, халықтың көкейінде «жаңартылған Конституцияда не өзгереді?» деген сауал болды. Сондықтан алдын ала Ата Заңға енгізілетін өзгерістер 5 бағыт бойынша топталып, еларасында арнайы құрылған штаб мүшелері түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл тұрғыда Мемлекеттік хатшы Ерлан Қариннің өзгерістер туралы айтқан кең көлемдегі мақаласы, ондағы бей-бағытқа жасалған талдау жан-жақты халыққа түсіндірілді. Осындай келелі кездесулердің нәтижесінде қазақстандықтар алдағы өзгерістерге жоспарланған жұмыстардың болашақ үшін тиімділігін түсінді. Түсінгендіктен кешегі маңызды күні тандауларын жасап, дауыс берді. Сайлау учаскелеріне барған біз жастардың да реформаға қатысты ойын білдік.

«Бүгінгі науқанда ең жас сайлаушы ретінде өз дауысымды беріп, таңдауымды жасадым. Осы елдің ертеңін жасайтын жастардың қатарында болғанымнан көз келген өзгерісті, әсіресе жарқын болашақ үшін жасалатын ауқымды жұмыстарды оң қабылдаймын. Бұл біз үшін өте маңызды, реформаның аясында қанша заң өзгертілгені түр. Кемшін тұстарымыз толықтырылмақ. Кешегі сайлауда дауыс берген әр адам бүкіл ұлттың, елдің болашағына атсалысып жатқанын түсіну керек» деген жаңадариялық ең жас сайлаушы Нұртуған Мейітұлы да бұл саяси науқаннан үлкен үміт күтетінін айтады.

Ауданның 100-ге келген кейуанасы, тыл ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Мәдениет ауылының тұрғыны Маханова Өтеш әжеміз де республикалық референдумға қатысып, өз таңдауын жасады. «Кемел келешекке бастайтын әр істің берекелі әрі нәтижелі болары анық. Өйткені жақсылықтың қадамы ұзақ, барар жері алыс деген сөз бар. Еліміз үшін бүгін маңызды күн. Бұл – халыққа қанша жылдан бері берілген үлкен мүмкіндік. Референдумнан кейін қандай өзгерістерге бетбұрыс жасалатынын да хабардармыз. Сондықтан мен мұның үлкен өзгерістердің бастамасы екеніне сенемін» деген әжей ел дамуында бірлік ең бірінші орында екенін айтады. Ал Конституциялық реформаның маңыздылығын түсінген, қос гасырдың күесі, гасыр жасаған Өтеш анамыздың сайлауға атсалысуы бәрімізге үлгі-өнеге болды дегуе болады. Осындай игі істе үлкендердің бастасы мен жастардың қолдауы болса, оң нәтижелерге жетеріміз анық.

Сонымен халықтың референдум арқылы өз таңдауын жасауы – заман талабы және елдің демократиялық үдерістің жаңа қадамы. Жаңа Қазақстанды жасайтын жарқын болашаққа қадам бастыратын бөреке мен бірлігі мығым, кемел келешекке бүгіннен жұмыс жасайтын ауқымды істердің бастауы – жалпыхалықтық референдум жаз айының алғашқы жексенбісіне сәйкес келді. Бұл күн тарихта қалады, елдің жандына жаңғырады.

Нұржамала АЛМАСҚЫЗЫ

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТ



Дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысы жылдарында Жалағаш қыстағында дүниеге келген Базарбай Наурызбаевтың елді мекеннің өңірінде қажырлы еңбек еткені көпшілік қауым біле бермей мүмкін. Ел басына күн туғанда ауыл азаматтары майданға Отанын қорғауға аттанып жатты. Солардың қатарында әкесі Наурызбай Мысықбаев Кеңес армиясы қатарына шақырылған Базарбай бар-жоғы 6 айлық анасының құрсағында қалған екен. Соғыс деген – тажал кескілермен ұрыста қарша бораған жау оғынан аман қалу екіталай екені анық. Қазақстандық жауынгерлермен бірге майдан даласында жаумен жан аямай шайқасып жүрген өкесінен соңғы кездері хат келмей хабарсыз кетті. Әрине әр адамның маңдайына жазылған тағдыры, өмір жолы болады. Өмір деген – сынақ. Сол сынаққа Базекеңдей еңбегімен төтеп беріп, тіршілік етсең ғана мақсатыңа жетесің.

ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ ҚҰРЫЛЫСШЫ

Анасының маңдайына жесірлікті, баласына жетімдікті жазыпты. Өзінен екі жас үлкендігі бар ағасы Жұматай екеуі қиындықты бірге көріп, еңбекпен ерте есейді. Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын дамыту, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінің қиыншылықтарын көзімен көріп, халқымен бірге көтерді. Ер азаматы майданға кетіп, отбасының ауыртпалығын өз мойнына алған анасы Шокатай Теңізбаева (ПТС-та) техникалық жөндеу станциясында қарауыл болып жұмыс істейді. Кейін еден жуып, ақсына азын-аулақ жалақы алып, балаларын асырайды. Тал бесікте төрбеліп, бөлі қатаймаған бала Базарбай анасына еріп жұмысқа араласты. Бірде қамыс шауып қыстық отын дайындаса, енді бірде лай жасап, кесек құйып, анасына көмекші әрі қолқанат болды.

Анасының маңдайына жесірлікті, баласына жетімдікті жазыпты. Өзінен екі жас үлкендігі бар ағасы Жұматай екеуі қиындықты бірге көріп, еңбекпен ерте есейді. Соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын дамыту, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінің қиыншылықтарын көзімен көріп, халқымен бірге көтерді. Ер азаматы майданға кетіп, отбасының ауыртпалығын өз мойнына алған анасы Шокатай Теңізбаева (ПТС-та) техникалық жөндеу станциясында қарауыл болып жұмыс істейді. Кейін еден жуып, ақсына азын-аулақ жалақы алып, балаларын асырайды. Тал бесікте төрбеліп, бөлі қатаймаған бала Базарбай анасына еріп жұмысқа араласты. Бірде қамыс шауып қыстық отын дайындаса, енді бірде лай жасап, кесек құйып, анасына көмекші әрі қолқанат болды.

Ондаған тұрғын үй бой көтерді. Парк салынып мыңдаған метр су және жылу жүйелері тартылды. Осы кездегі Таң, Ақсу ауылдары Коммунизм совхозының бөлімшелері болатын. Бұл бөлімшелерде де құрылыс жұмыстары жүріп жатты. Атап айтар болсақ, дәрігерлік пункт, пошта, кітапхана, тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттар салынып, пайдалануға берілді. Сол сияқты «Ахмет басы», «Бостай басы», «Тоқтамұрат басы», «Төрттам басы» сол жылдары салынған құрылыстар еді. 1963 жылдан 1978 жылға дейін он төрт жыл үздіксіз прораб болып жұмыс атқарған Базекең осы аталған жұмыстарға тікелей өзі араласып, қолтаңбасын қалдырды. Уақытпен санаспай еңбек етіп, іскерлігімен, ұйымдас-тырушылық қабілетімен көзге тұрды. Құрылыс жұмыстарын атқара жүріп, 1984 жылы Алматыдағы архитектура құрылыс институтын сырттай оқып, жоғары мамандық алуды да ұмытпады.

1978 жылы аудандағы коммуналдық шаруашылық мекемесіне басшылыққа тағайындалған соң Базекеңнің қызмет бабындағы келесі белесі басталған еді. Сол кездегі аудандағы құрмуге келмейтін қиын мәселелер қыстақтық мекемелер мен тұрғындарды ауыз сумен және жылумен қамтамасыз ету еді. Сол септегі де бұл абырой бермейтін мекемеге басшы тұрақтамаса керек. Біраз жыл құрылыс саласында жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаған білікті маман бұл қызметте де жоғары қабілетімен танылып, тынымсыз еңбек етті. Осы қызмет еткен жиырма жыл бойы қыстақта тұратын халықты ауыз сумен, жаз айларында аяқ сумен қамтамасыз ету бағытында жұмыс жасады. Сол кездері 4 жылу қазандығы 20 шақырым ауыз су жүйесі, 54 орындық мейманхана, 50 орындық монша, 4 мектеп, балабақша, мәдениет үйі мен кинотеатр, аудандық аурухана жұмыс істеп, халыққа жігітке көрсетті. Солармен бірге ондаған мекеменің кенеселері мен коммуналдық тұрғын үйлер жылуын тұрақты қамтамасыз ету оңай шаруа емес еді.

Несін жасырамыз, қылышпадан қыстың суық күндерінде Базекеңді жылу қазандығынан көрсек, жаз айларында арық жағалап, аяқ су мәселесімен айналысып жүргенде кездестіретінбіз. Күн-түн демей, жұмыс басынан табылып, өз міндетін адал атқарған табанды жігітке тұрғындар да дән риза еді. Аудан орталығында екіқабатты үйлер салу, жеңіл үйлерге құбыр тарту, орталық алаңды, көшелерді абаттандыру жұмыстарына тікелей басшылық жасап, қомақты үлесін қосты.

1983 жылы колхозаралық құрылыс мекемесіне басшылыққа тағайындалған ол бұл мекеменің де жұмысын деңгелеңгіп әкетті. Жалағаш пен Қармақшы аудандарының ұжымшарында қызмет ететін мекеменің жұмысы өте ауқымды еді. Екі ауданның ауыл орталықтарында мәдени ошақтар, сауда үйлері, тұрғын үйлер салынып, бой көтерді. Көшелерге тас төселіп, асфальтталды.

1988 жылы аудан орталығындағы құрылыс мекемелері топтастырылып, бір орталыққа, яғни ауыз су және коммуналдық шаруашылық мекемесі болып қайта құрылғанда бұл мекемені басқару тізгіні Базарбай Наурызбаевқа жүктелді. Шынымен де құрылыс саласындағы қызметіне қарап ел оған үлкен сенім артты.

Ел үміті алдамапты, жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын еңбеккер азамат жауапкершілігі мол жауапты қызметті абыроймен атқарды. Қаржы тапшылығы қинап тұрған нарық кезеңінде де жоқтан бар жасап, жұмысын жүргізді. Су құбырлары жаңадан салынып, ауыз су жүйелері ұзартылды. Жылу қазандықтары салынып, іске қосылды. Ауыз су, аяқ су мәселелері біртіндеп шешімін тапты. Жалпы Жалағаш қыстағының тұрғындары коммуналдық қызметті пайдаланып, игіліп көрді. Әлі де көріп келеді.

Өз мамандығын жанындай жақсы көріп, халықтың сенім үдесінен шыға білу адамды белгілі биіктерге жетелейді. Сол жолда жақсы адамдардың септігі көп есер етеді. Ойлап отырсақ, ауданда көптеген ел басқарған азаматтармен біріктіріліп жұмыс жасап, бір мақсатта қызмет етті. Әр жылдары ауданда басшылық жасаған мемлекет және қоғам қайраткері И.Әбдіқаримов, С.Аманов, Қ.Қазантаев, С.Далдабаев, Б.Қаюпов, Қ.Баймаханов, М.Әбдіразақов, С.Мұқашев, Н.Сермаханов, Ә.Әбенов, Е.Тұрабаев секілді азаматтармен бірлесіп жұмыс жасап, құрылыс саласы мен коммуналдық қызметтің қалыптасу кезеңінде кездескен қиыншылықтарды бірге көрді.

Еңбек ешқашан ескерусіз қалмайды. Көпжылдық жемісті еңбегі, Қазақстан республикасының құрылыс саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. 2018 жылы Б.Наурызбаевтың аты-жөні мен өмір жолы Қазақстанның «Құрмет кітабына» жазылды. Сондай-ақ «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» және «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» атағына ие болуы – оның елге сіңірген адал еңбегіне берілген әділ баға іспеттес. Бұдан өзге де жергілікті органдардан алған марапаттары бір басына жетіп артылады.

2016 жыл оның есінде қалар ерекше қуанышты жыл болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында хабарсыз кеткен әкесі Мысықбаев Наурызбайдың жаумен шайқас кезінде ерлікпен қаза тауып, Ресейдің Ржев қаласында жерленгені жөнінде хабар келіп жетті. Сондағы қуанышты көрсеніс... Себебі сұрапыл соғысқа қатысып, хабарсыз кеткен әкесін қайткенде іздеп табу көптен бері көкейінде жүрген арманы еді. Сол бір арманы орындалып, облыс әкімінің қолдауымен бір топ делегацияның құрамында Ржев қаласында жерленген №101 атқыштар дивизиясының жауынгерлеріне арналған мемориалды ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысып қайтты.

Осы №101 атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің тізімдері қатарынан өз әкесінің аты-жөнін көріп, қуаныштан көзіне жас алды. Ауылдан алып барған бір ұйс топырағын қабір басына салып, зиярат етіп, гүл шоқтарын қойды. Елге оралған соң әкесіне арнап ас беріп, құран бағыштады.

Әр азаматтың өңбегіне қарап бағасын беретін халық қашан да әділ сыншы ғой. Сайлау басекесінде де халық қалаулысын өзі таңдайды. 2003 жыл сайлауға қатысып, Базекең көпшілік дауыспен аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Сөйтіп өзін депутат етіп сайлаған аймақ сайлаушыларының сеніміне ие болып, аманатын арқалады.

Аманатқа қиянат жасауға болмайды. Сол кезде қыстақ орталығында кезегін күтіп тұрған түйткілді мәселелер көп еді. Әсіресе халық қалаулысын коммуналдық қызметке, оның ішінде ауыз су, жылу жүйесіне, көшелерді абаттандыру, жарықтандыру мәселелерін қозап, оң шешімін табуына ықпалын тигізді.

«Қолымнан келгенше күш-жігерімді жұмсап, туған жеріме қызмет еттім. Шүкір, абыройсыз емеспін. Мен үшін халықтың берген бағасы, алғысы мен құрметінен үлкен марапат жоқ, – дейді ардагер құрылысшы.

«Жақсы жар – теңі жоқ қолда, түбі жоқ сырлас» деген даналық сөз бар. Базекеңнің несбінесе ажарына ақылы сай, еңбеккер, инабатты қыз кездесті. Әуелден бастаған адал махаббат, шынайы сезімі мен сыйластық отбасына құт-береке өкелді. Жұбайы Рахима балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Балалары да ер жетіп, жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапты. Мәселен, үлкен баласы Амангелді аудандық әскери комиссариатта, Төреханов газ тарату мекемесінде, Төлөген мен Анары экономист, Ақжар мектепте мұғалім болып ұстаздық қызмет атқарады.

Адамдардың жақсы келіп қартаюы – физиологиялық табиғи процес. Ал ұзақ жасаумен бірге өмірлік тәжірибе арқылы келетін ақыл-парасатты, абыройды иелену көз келген адамның қолынан келе беретін оңай шаруа емес. Халықтың алғысы мен құрметіне бөленіп, сексеннің сөңгіріне шыққан құрметті қарт құрылысшының тағлымына толы ғұмыры ескелең ұрпаққа үлгі.

Осындай нәзік әлемнің мінсіз болуы міндетті. Ал талай бұлдіршінің қанатын қатаятып, мектеп табалдырығына аттандыратын балабақшалардың өлі де атқаратын жауапты жұмыстары көп. Еліміз деп соғатын жүрегі жас ерендеріміздің қатарын көбейтуге күш жұмсайтын тәрбиешілердің жұмысына жеміс тілейміз.

Әрине «Жақсыдан шарапат» деген, тұғырлы тұлға қоғам қайраткерінің көз алдында, қарамағында жүріп қызмет ету – жас маман үшін үлкен ғанибет. Әрі тәрбие, тәжірибе мектебі еді. Сол кездері Жалағаш қыстағымен шектесіп жатқан ауыл орталығында мәдени ошақтар мен тұрғын үйлер салынып, құрылыс жұмыстары қызу қарқын алды. «Жас келсе іске» демекші қалаған мамандығы бойынша іске құшына кірісті.

Ол кезде совхоздың құрылыс саласында 200-ге жуық адам жұмыс жасайтын, жұмыс ауқымы үлкен және құрамында әртүрлі ұлттың өкілдері еңбек етті. Алпысыншы жылдардан кейін мұнда монша, клуб, үлкен дүкен, балабақша, жылу қазаны,

Осындай ел басқарған азаматтың алдынан өтіп, батасын алған Базарбай көңілі көтеріліп, қуанып кетті. Сөйтіп жиырма жастан енді асқан жас жігіт кеңшардың құрылыс прорабы болып шыға келді.

Әрине «Жақсыдан шарапат» деген, тұғырлы тұлға қоғам қайраткерінің көз алдында, қарамағында жүріп қызмет ету – жас маман үшін үлкен ғанибет. Әрі тәрбие, тәжірибе мектебі еді. Сол кездері Жалағаш қыстағымен шектесіп жатқан ауыл орталығында мәдени ошақтар мен тұрғын үйлер салынып, құрылыс жұмыстары қызу қарқын алды. «Жас келсе іске» демекші қалаған мамандығы бойынша іске құшына кірісті.

Осындай ел басқарған азаматтың алдынан өтіп, батасын алған Базарбай көңілі көтеріліп, қуанып кетті. Сөйтіп жиырма жастан енді асқан жас жігіт кеңшардың құрылыс прорабы болып шыға келді.

Әрине «Жақсыдан шарапат» деген, тұғырлы тұлға қоғам қайраткерінің көз алдында, қарамағында жүріп қызмет ету – жас маман үшін үлкен ғанибет. Әрі тәрбие, тәжірибе мектебі еді. Сол кездері Жалағаш қыстағымен шектесіп жатқан ауыл орталығында мәдени ошақтар мен тұрғын үйлер салынып, құрылыс жұмыстары қызу қарқын алды. «Жас келсе іске» демекші қалаған мамандығы бойынша іске құшына кірісті.

Ол кезде совхоздың құрылыс саласында 200-ге жуық адам жұмыс жасайтын, жұмыс ауқымы үлкен және құрамында әртүрлі ұлттың өкілдері еңбек етті. Алпысыншы жылдардан кейін мұнда монша, клуб, үлкен дүкен, балабақша, жылу қазаны,

Осындай ел басқарған азаматтың алдынан өтіп, батасын алған Базарбай көңілі көтеріліп, қуанып кетті. Сөйтіп жиырма жастан енді асқан жас жігіт кеңшардың құрылыс прорабы болып шыға келді.

Әрине «Жақсыдан шарапат» деген, тұғырлы тұлға қоғам қайраткерінің көз алдында, қарамағында жүріп қызмет ету – жас маман үшін үлкен ғанибет. Әрі тәрбие, тәжірибе мектебі еді. Сол кездері Жалағаш қыстағымен шектесіп жатқан ауыл орталығында мәдени ошақтар мен тұрғын үйлер салынып, құрылыс жұмыстары қызу қарқын алды. «Жас келсе іске» демекші қалаған мамандығы бойынша іске құшына кірісті.

Осындай ел басқарған азаматтың алдынан өтіп, батасын алған Базарбай көңілі көтеріліп, қуанып кетті. Сөйтіп жиырма жастан енді асқан жас жігіт кеңшардың құрылыс прорабы болып шыға келді.

Әрине «Жақсыдан шарапат» деген, тұғырлы тұлға қоғам қайраткерінің көз алдында, қарамағында жүріп қызмет ету – жас маман үшін үлкен ғанибет. Әрі тәрбие, тәжірибе мектебі еді. Сол кездері Жалағаш қыстағымен шектесіп жатқан ауыл орталығында мәдени ошақтар мен тұрғын үйлер салынып, құрылыс жұмыстары қызу қарқын алды. «Жас келсе іске» демекші қалаған мамандығы бойынша іске құшына кірісті.

Осындай ел басқарған азаматтың алдынан өтіп, батасын алған Базарбай көңілі көтеріліп, қуанып кетті. Сөйтіп жиырма жастан енді асқан жас жігіт кеңшардың құрылыс прорабы болып шыға келді.

Бала қуанса, әлем қуанады. Олардың қуаныштан бау-бұл жанған жүздерін көру үшін қандай еңбектің де артығы жоқ. Өйткені бала бауыр етің, жүрегіңнің бөлшегі, көңілдің нұры, көздің қуанышы, әкеңнің жасасы деп білетін қазақпыз. Жүзі басқа жүрегі бір, мынау дүниені тек жақсылықтан тұратын ішкінен жүрек көзімен көретін бұлдіршілер – өмірдің мәні. Осы жаннан артық, балдан тәтті перзентімізді салиқалы ұрпақ етіп тәрбиелеу – ата-ананың міндеті.

Бала деген – бір бақыт


Тәрбие адам болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, ерлі жан-жақты тәрбие мен дамуы ісін түпкі негізін қалайтын орын. Мұндағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы әшепстей із қалдырады. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының маңызы зор. Бүгінгі күні балабақшаға бармайтын бала кемде-кем. Мектепке дейінгі білім беру орындарына бастап, кезекте тұрады. Уақыт сынаптай сырғанап заманда қарбалас тіршіліктен бас көтере алмайтын ата-аналар балаға тәрбие беруде үлгермейтін тұстары бар. Сондықтан әрбір отбасы өз еркімен бар күш-жігерін, алтын уақытын балаға сарп ететін бәбекжай тәлімгерлеріне сеніп тапсырады. Мұнда өзі қатарлас балғындармен араласып, тілі шығады, еріп таниды, санауды үйренеді, еңбеккерлікке, бауырмалдыққа бейімделе бастайды.

Жалағаш ауданында да қаншама бұлдіршіңді қанатының астына алып, мектепке дейінгі білім беретін балабақшалар көп. Бұлдіршің барлығының мақсаты бір. Санағы тәрбие беріп, баланы оң-солын тануға, өзін-өзі игеріп тұлғалық дамуына күш салады. 3-6 жас аралығындағы тәрбиеленушілерді қамтитын балабақшалардың оқу бағдарламасы тәрбие беру стандарттары барлығы бірдей. Жас деңгейіне қарай түрлі топтарға бөлінген тәрбиеленушілер үйірмелер бойынша тұлғалық жағынан тез дамиды. Мектеп бағдарламасына қабылдануға дайын білімнің өң алғашқы бөлігін үйреніп, бәбекжайынан түлеп ұшқан әр бұлдіршің тәрбиешінің мектебінен өтеді. Тәрбиеші сол ортадағы бұлдіршіңдердің бағаны, білім мен тәрбиені ұштастырып, жол сілтер бағдаршысы. Көрнекті тұлға А.Байтұрсынұов: «Балам дейтін

ел болмаса, еліміз дейтін бала қайдан шығады?» деген екен. Балабақшаның тәрбие негізі қай кезеңде болмасын, халық үшін қызмет ететін азаматты қалыптастыру жолында бір тегуде. Әрбір тәлімді тәрбие, іс-әрекет бұлдіршіңдер үшін өз құпиясын ашқан сыр сандақтай болса, тәрбиеші сол тылсым әлемнің, бала қиялының сиқыршысындай.

Бақұл бол, ардақты ардагер

2022 жылы 4 маусымда аудандағы бірнеше мекемеде қажырлы еңбек еткен әріптесіміз, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің ардагері Набат Баймаханова дүниеден өтті.



Баймаханова Набат Әбдіқадірқызы 1957 жылы 11 қыркүйекте Қызылорда облысы Арал ауданында дүниеге келген. 1965-1975 жылдары аралығында орта мектептен білім алды. Ол 1982-1986 жылдары аралығында Қаракеткен ауылдық ауруханасында, 1991-1997 жылдары аралығында аудан орталығындағы Т.Жүргенов атындағы №123 орта мектепте техникалық қызметкер болып табанды еңбек етті. Ал 1997-2013 жылдары, яғни 15 жылдан астам уақыт аудандық редакцияда жауапкершілікпен жұмыс жасап, зейнет демалысына шықты.

Набат Баймаханова әріптестерінің есінде тек көпшілігімен, бойындағы барлық жақсы қасиетімен қалды десек, қателеспейміз. Себебі ардагер алпымыз хақында айтылатын естеліктердің әрбіріне оның бойындағы биязылық, ақкөңілдік, табандылық арқау боларын жақсы білеміз.

Набат Әбдіқадірқызы отбасында жолдасы екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірді. Ардагер алпымыз өсірген ұл-қыздарынан нәмере сүйді. Солардың қызығын көрер шағында бақылық болды. Өнегелі өмір иесі хақында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай емес. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын «Сыр медиа» ЖШС ұжымы марқұмның ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы мен ардагерлері

Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
ардагер журналист

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
I курс студенті



Барлық мектеп оқушыларды жазғы демалысқа шығарып салды. Енді балалардың үш ай уақыты ата-аналарының жауапкершілігінде болады. Жазғы демалысты тиімді пайдаланып, отбасындағы сенімді адамдармен басқа қалаларға қыдырып келетіндер де көп. Алайда балалар үшін жазғы тынығу лагерлері жұмысын бастады. Лагер – тек балалардың тынығып, сауық құратын мекені ғана емес, өскелең ұрпақ үшін маңызды зор тәрбие ошағы. Тоғыз ай бойы мектеп бағдарламасын оқыған оқушының лагерде танымы кеңейіп, ойы бір адым болса да өрістейді. Жаңа достар табады, жаңа ортамен тіл табысып, қарым-қатынас жасауды үйренеді, бойында көпшіл мінез қалыптасады. Сондықтан ата-аналар балаларын жазғы демалысында лагерге жібергені жөн.

«АҚТЕРЕК» ҚҰШАҒЫН АЙҚАРА АШТЫ

Жалағаш кентінің іргесіндегі «Ақтерек» сауықтыру лагері жиырма жылдан астам уақыт бойы мектеп оқушыларына қызмет көрсетіп келеді. Орналасқан жері де керікті, табиғаты әсем. «Ақтерек» быыл да балаларға құшағын айқара ашты. Аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Ақтерек» сауықтыру лагеріндегі алғашқы маусымның ашылу салтанатына қатысты.

– Бүгінгі бала – ертеңгі елдің болашағы. Сондықтан біз ұрпақ тәрбиесін бір сәт назардан тыс қалдырмауға тиіспіз және мемлекет оған жан-жақты мүмкіндіктер жасап келеді. Әрине ең алдымен баланың тәрбиесіне ата-анасы жауапты. Осы орайда біз отбасы институттарын қайта қалыптастыруымыз керек. Оның бір тетігі – ата-әже тәрбиесі. Атасының өсиетін құлағына сіңіріп, батасын алып, әжесінің қызықты ертегісін, тағылымды әңгімелерін тыңдап өскен баланың өсейгенде өз жолынан қиыс кетуі мүмкін емес. Ал балалардың лагерде өтетін уақытының

қызықты, тағылымды болуы тәрбиешілердің педагогикалық біліктілігіне және әрбір сәтті қызықты етіп ұйымдастыру шеберлігіне тікелей байланысты. Өйткені балалардың лагерден тек бойы ғана өспей, ойы да өсіп, өсейіп қайтуы керек.

Бар жақсылық – балаларға. Біз балалардың бүгінгі нұрлы өмірі үшін ертеңгі жарқын болашағы үшін қолымыздан келген жақсылықтардың барлығын да жасаймыз. Өйткені балалардың болашағы жарқын болса, мемлекеттің де келешегі кемелдене түседі, – деді аудан басшысы Асқарбек Темірбеқұлы.

Биылғы жазғы демалыстағы 6 ауысымда «Ақтерек» лагері 452 баланы қабылдайды. Яғни кент орталығындағы және ауылдық округтердегі мектептерден жиылған оқушылар жазғы демалысын аудан орталығындағы лагерде өткізеді және тынығушылардың уақытын қызықты әрі мағыналы өткізуге лагердің толық мүмкіндігі бар.

Расында «Ақтеректің» орналасқан жері жақсы. Айналасын ақ теректер көмкерген айна көлдің айналасы. Көлге келетін құстың түрі көп. Одан бөлек алуан түрлі өсімдіктер бар. Бұл да асфальтта өскен баланың табиғи танымын арттырады, қоршаған ортаға деген қызығушылығын оятады.

– «Ақтерек» лагері 1999 жылы асар әдісімен салынған. Содан бері 80 орындық лагер жылда 6 ауысыммен жұмыс істеп келе жатыр. Қазірде лагерде 4 жатын ғимарат, 1 асхана, 1 медициналық бөлімше, 1 спорт алаңы және 1 бассейн бар. Мұнда оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жалпы тынығу лагерлерінің өз тәртібі, ережесі бар. Тынығушылар мұндағы әр күнін сол тәртіпке сәйкес өткізеді. Танымдық-логикалық, спорттық жайыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Сонымен бірге лагерде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот

және ерт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді. Биылғы жаңа маусымда міндетті оқу қоры есебінен 402 бала және аудандық білім саласы кәсіподағының демеушілігімен 50 бала демалады. Тынығушыларды белгіленген күні бойынша Дәуімбай елді мекеніндегі орталық бассейнге апарамыз. Сонымен бірге балалардың тарихи танымын кеңейту мақсатында Қорқыт ата мемориалдық кешеніне апаруды жоспарлап отырмыз.

Лагер 2013 жылы күрделі жөндеуден өтті. Енді келер жылы күрделі жөндеу жүргізіледі, – дейді «Ақтерек» сауықтыру лагерінің директоры Рустам Ідрісов.

Салтанатты шараға жиылған жұртшылық және тынығушыларға арнап аудандық Өзек мектебінің өнерпаздары ән айтып, күй тартты. Сонымен бірге бұлдіршіндер ертегі қойылымдарын қойды.

Қуат АХЕТОВ

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ОРДАСЫ

Қай елдің де ұлттық идеологиясы мәдениеті арқылы қалыптасады. Сондықтан бірінші кезекте өркениетке ұмтылған дамушы және дамыған елдер мәдениетіне мән береді. Осы орайда Францияның бұрынғы Президенті генерал Де Гольдің «Егер мен Қорғаныс министрі тағайындаудан қателесем, көп болса бір соғыста жеңілермін, Ауыл шаруашылығы министрі тағайындаудан қателесем, көп болса бір жыл астықсыз қалармын, ал Мәдениет министрі тағайындаудан қателесем, онда елім елу жылға артқа шегінер еді» деген сөзі еске түседі.

Біздің елімізде де мәдени салаға жақсы бетбұрыс жасалып жатыр. Ауданның өзінде көптеген елді мекенге заманауи үлгідегі клубтар салынып және олар өте жоғары деңгейде жұмыс істеп, жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Солардың бірі – Аққұм ауылдық клубы.

Екіқабатты зәулім ғимараттың сырты көзінді тойдырып, ішкі жұмыстары көңілді тоғайтады. Қырық үш жылдық тарихы бар ауылдық клуб 2012 жылы қайта салынып, пайдалануға берілген. Қазірде мұнда 15 адам жұмыс істейді. Клуб жанында көркем сөз, ән, би, қолөнер, домбыра үйірмелері бар және ардагерлер хор ұжымы құрылған. Соның ішінде «Айгөлек» би үйірмесін ерекше атап өтуге болады. Ауылдық клуб үшін 2018 жылы «Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қоры» демеушілігімен би залы толық жабдықталыпты. Қазірде би маманы Қуаныш Арайлым «Балауса», «Бал-бала» деп аталатын 2 топтан құралған «Айгөлек» би үйірмесіне жетекшілік етіп, оқушыларға безада өнердің қыр-сырын үйретіп келеді. Үйірмедегі 20 бала республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып жүрді. Олардың бірі «Аманат мисс» II Халықаралық конкурс фестивалінің облыстық 1-ші кезеңіне қатысып, «Ұлттық би» номинациясын алған және сол жылы аудандық «Мың бұралған бишілер» атты би байқауынан жүлделі II орын иеленген. «Балауса» би тобы республикалық «Дала сазы» және «Біз біргеміз» атты балалар өнер байқауларында Бас жүлде иеленді. Сондай-ақ «Сыр сұлуы» атты аудандық би байқауынан I орын, V Республикалық «Жарық жұлдыз» атты республикалық балалар өнер байқауында Бас жүлдені жеңіп алды. «Біз бақытты баламыз» атты Республикалық байқаудан «Балауса» би тобы III орын алды. «Балауса» би өңірлік XVII жастар Дельфийлік ойындарынан облысқа жолдама алды. XIII «Ботақан» телефестивалінің аудандық кезеңіне қатысып, облысқа жолдама алды. 2022 жылы «Бал бала» би тобы республикалық «Жас жұлдыз» байқауына қатысып, Бас жүлде иеленсе, «Балауса» би тобы «Би – өнердің өрнегі» атты аудандық бишілер байқауынан жүлделі I орынмен марапатталды. Республикалық «JAS-STAR» балалар байқауының іріктеу турынан III орын иеленді. Би топтарының репертуарында «Жаңа күн», «Қазақ биі», «Домбыра», «Тойбастар», «Брови», «Флешмоб», «Амдижан полькасы», «Аққу», «Қойылым», Патриоттық флешмобтар және тағы басқа билер бар.

Би – өмір. Ондағы әрбір қимыл-озғалыстар – өмірдің өрнегі. Ендеше, би өнері баланы әдемілікке, өсемдікке үйретеді, адалдыққа тәрбиелеп, жан тазалығын, тән саулығын сақтайды.

Сонымен бірге «Көңілді ноталар» ән үйірмесі де біршама баланы ән әлемінде әлдилеп келеді. Еңге уәес, жыраға құмар бала елжанды азамат болып қалыптасады. Ән үйірмесіне қатысатын 14 өнерпаз ауылдық клубта өткізілетін барлық шараларға белсене ат салысып, өнерлерін көрсетіп жүр. Үйірме жетекшісі Айгүл Тұрабаева кәсіби маман. Ал кәсіби мамандар жетекшілік еткен қайсыбір салада да жетістік болуы заңдылық.

Бүгінде Аққұм ауылында Ібан Жасмиң, Айтжан Мерейлім, Бертай Гүлзаат, Ибрагим Арайлым, Серікбай Рахат, Әпен Сержан, Мейірбек Аида, Әміртай Әл-Фараби, Әміртай Мерей, Тілеубаев Мейірбек, Әбдікарим Ақерке секілді жас өспірілер қалыптасып келеді. Олар болашақ ән әлемінің жұлдызына айналуы да бек мүмкін. Сонымен бірге кәсіпорын қызметкерлері Тілеубаев Мейірбек, Айгүл Тұрабаева, Арайлым Қуаныш, Даража Доспан, Арайлым Қуаныштың қандай да бір шараларға белсене қатысуы да ауыл мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

Биыл республикалық «Өнер әлемі» конкурсынан ән жанры бойынша Ибрагим Арайлым I орын, «Тағзым саған Ұлы Жеңіс» атты онлайн ән бауқауынан Қуаныш Арайлым 3 орын алса, республикалық «Біз біргеміз» атты балалар өнер байқауынан Ізбасар Аяулым және Алмас Айдос Бас жүлде иеленді. Ал V Республикалық «Жарық жұлдыз» атты балалар өнер байқауында Әміртай Мерей, Ізбасар Аяулым жүлделі I орын алды. 2021 жылы «Тәуелсіз елім Қазақстаным»



патриоттық ән байқауынан Ібан Жасмиң III орын, «Тәуелсіздік – маңдайдағы бағым бұл» атты республикалық байқаудан Ізбасар Аяулым мен Халел Аққур I орын иеленді. «Біз бақытты баламыз» атты республикалық байқаудан Ізбасар аяулым II орын иеленді.

«Өннің де естісі бар, есері бар». Жасаратыны жоқ, есті ән шырқаған баланы көрсек қуанатын күнге жеттік. Ал Аққұм ауылдық клубындағы ән үйірмесінің мүшелері сахнада ән шырқағанда көрерменнің ыстық қылыасы мен толассыз қошеметінен-ақ оларға жетекшілік етіп жүрген жанның еңбегін бағамдауға болады.

Біздің бабаларымыздан қалған ұлттық құндылығымыз бен жауһарымыз, қымбат қазынамыздың бірі – асыл сөз. Қазақ үшін сөздің құны сұралған. Қазақ сөзге тоқтатқан. Қылыш шешпеген дауды, бір ауыз сөз шешкен. Тіпті бір ауыз сөз соғыста да тоқтатқан. Сонымен бірге сөз өнерін қазақтай сөз сөзмен дәріптеген халық жоқ. Сондықтан сол бабалар қалдырған асыл мұрамызды сақтап қалу біздің міндетіміз. Осы орайда Аққұм ауылдық клубындағы «Сырлы сөз» көркем сөз оқу үйірмесінің жұмысын айтуға өстен болады. Жырма жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан үйірмеде бүгінде 14 оқушы бар. Үйірме мүшелері аудандық, облыстық,



республикалық байқауларға қатысып жүлделі орындар иеленіп келеді. Атап айтсақ, Бақберген Нұрай, Қосым Нұрлы, Әбілқасым Ақбота, Алмабек Гүлсеім, Нұрбол Қарақат, Қосым Нұрдаулет, Ибрагим Арайлым, Жандосұлы Думан, Сәкен Аяғөз, Айтуған Данияр, Ибрагим Арайлым, Ержігіт Дамира, Айтжан Мерейлім, Сабыр Аяулым, Алдияр Жарқынай, Алпысбай Аяулым секілді өнерлі өрендер аудандық, облыстық, республикалық Абай, Мұқағали оқулары және түрлі мұсауыралардан бас жүлде мен I орынды иеленіп келеді.

Бақберген Нұрай «Мен де жұлдыз боламын» атты жасөспірімдер арасындағы байқауының I кезеңінен өтіп, Түркия мемлекетіне жолдама алды.

Колөнер біздің ұлтымызда бағзыдан бар. Көшпелі тұрмыс кезең бабаларымыздың артына қалдырған құнды мұраларының бірі осы колөнер және ол күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатыр.

Ауылдық клубтағы «Ақмаржан» колөнер үйірмесі 2013 жылы құрылған. Үйірме құрамында 14 колөнер шеберлері бар. Үйірме жетекшісі Рысмахан Аида оқушыларды колөнерге баулып, оның қыр-сырын үйретіп жүр. Қайсаева Мөлдір, Нұрматовта Ақжан, Искакова Малика, Тұрсынова Назгүл, Қадірбек Инабат, Ибрагим Арайлым секілді жас колөнер шеберлері аудандық байқаулардан жүлделі орын иеленіп жүр.

Клуб үйінде өткізілген келіндер сайысы, әжелер сайысы, ұжымаралық сайыстарда колөнер шеберлері өздері дайындаған бұйымдарын үйірмеге тарту етіпті және сол бұйымдармен колөнер бөлмесі жабдықталған.

Үйірме мүшелері Әбілқасым Мақпад, Нұрматовта Ақжан, Қайсаева Мөлдір, Сұлөменовта Базарқұл, Тұрсынова Назгүл, Қосым Нұрым, Қосым Нұрдаулет, Қауынай Динара, Халел Аққұл, Қадірбек Инабат секілді жас колөнершілер аудандық, облыстық, республикалық байқауларда өздерінің жұмыстарымен көпшілікке таңғалдырып,

жұлделі орындар иеленіп жүр. Сонымен бірге жетекшілері Рысмахан Аида мен Шуақбай Аққур да ересектер арасында өткен байқаулардың жеңімпаздары.

«Қарты бар елдің қазынасы бар». Рас, Қарты, қариясы бар елдің береке-бірлігі болады. Кейінгі буын өкілдері алдындағы аға буынға қарап бой түзейді. Арбаның алдығы деңгелегінен түскен ізді артық деңгелегі деп басады. Сондықтан жастарға қандаша ардагерлер үлгі, өнеге, жол көрсетуші, бағыт сіңіртуші ақыл беруші. Қай кезде де халқымыз ардагерлер институтын іске қосып, оны ұлттық тәрбиенің бір тетігіне айналдырып отырған және бұл қазіргі біздің қоғамға аса қажет. Міне, Аққұм ауылдық клубындағы «Қазына» ардагерлер хор ұжымы өз миссиясын мұлтіксіз атқарып келеді.

Жымыда 10 ер кісі, 10 әйел кісі бар. Құрылғаннан бастап ардагерлер аудандық мәдени шараларға және облыстық аудандық байқауларға белсене қатысып жүрді. Орындарға ие болып келеді. «Қарты бар ел – қазналы ел» атты шежірешілер байқауында Байділда Сәрсенов қатысып, жүлделі II орынды иеленсе, «Қартың қадірлеген ел ардақты» атты ардагерлер байқауында «Қазына» хор ұжымы қатысып Бас жүлде және «Қарты бардың қазынасы мол» атты республикалық байқауда жүлделі II орын, «Қартың қадірлеген ел ардақты» аудандық байқауда ардагерлер жүлделі III орын, республикалық «Өз жұлдызыңды жақ» атты байқауда ардагерлер хор ұжымы Бас жүлде және ардагерлерден құрылған трио тобы жүлделі I орынмен марапатталды. «Бата – бірлік бастауы» атты аудандық байқауда Байділда Сәрсенов «Парасатты қария» номинациясымен марапатталды. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты аудандық байқауда «Қазына» хор ұжымы жүлделі II орын осы байқаудың облыстық кезеңінде Айтмаханов Арыстан жүлделі III орын иеленді. «Сөздің ең ұлысы – тарих» атты облыстық шежірешілер байқауында Байділда Сәрсенов жүлделі II орын иеленді.

Хор ұжымының ән қоржынында «Арыс жағасында», «Гүлдерайым», «Ақтамақ», «Айқа-рақ», «Атамекен», «Қызылорда вальсы», «Шәмші өңдерінен попури», «Биыл», «Дуа-рай» секілді өрендер бар және ол өрендер аудан облыстығы үлкен сахналардан әулетіп шыр-қалып, тыңдарманын тамсандырып келе жатыр.

Гүлжайна Айтжанқызы басқаратын Аққұм ауылдық клубы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Рухани қазына – 2020» республикалық байқауында «Үздік ауылдық мәдениеті Үйі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

– Мәдениет – өркениеттің бастауы. Сондықтан біздің ойымыздағы елдік мүдденің басында осы мәдениетімізді өркендету жұмыстары тұрып тис және біз ұжым болып сол мақсатта тынымсыз еңбек етіп келе жатырмыз. Біз мәдениетіміздің өркендеуіне қызмет етсек, мәдениет ұлт руханиятына қызмет етеді.

Ауылдық клубтар талай өнерпаздарды тәрбиелеп шығарды. Бүгінде республикаға танымал өнер өкілдерінің көбі ең алғаш осындай ауылдық клубтардан бойындағы өнерін шыңдаған. Ауыл клубында тек іс шара ғана өтпейді, көптеген өнерпаздарды өнерге баулып отырамыз. Жыл сайын ауылдағы мәдениет ошағының тынысы кеңейіп, мазмұнды, мөнді, ұлт мәдениетін өркендету жолында игілікті жұмыстар атқарып келеміз, – дейді «Аққұм ауылдық клубы» КМҚК басшысы Гүлжайна Айтжанқызы.

Қуат АДИС

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәуірлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 3138 Тапсырыс № 916